

**2022-2023 оқу жылына арналған
«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балбөбек» балалар бақшасы

Топ: ортаңғы топтар «Айбөбек», «Құлыншақ»

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-мамыр 2022-2023ж.ж.

айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
қыркүйек	Тақырып: «Менің балабақшам»
	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. Ән айту: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.
қазан	Тақырып: «Менің отбасым»
	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салу. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау әуен сипатына үн кату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау.

қараша	Тақырып: «Күз»
	Музыка тыңдау: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады. Ән айту: Әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.
	Тақырып: «Менің Қазақстаным»
желтоқсан	Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. Ән айту: Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
қаңтар	Тақырып: «Табиғат әлемі»
	Музыка тыңдау: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

ақпан	Тақырып: «Бізді қоршаған әлем»
	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әнайту: Ойындарға, хор айтуға қатысу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
наурыз	Тақырып: «Көктем»
	Музыка тыңдау: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ән айту: Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
сәуір	Тақырып: «Бірге еңбектенеміз»
	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ән айту: дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

	Тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»
мамыр	Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. Ән айту: Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.